

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ  
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ  
ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ

Университеттің Ғылыми кеңесінде  
қаралып, бекітілді.  
№ 9 хаттама «29» 03 2024 ж.

Университет ректоры,  
доктор, профессор  
Мухаммад аш-Шаххат  
әл-Жинди



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ  
(2024 жылы оқуға қабылданғандарға арналған)

6В02202- «ДІНТАНУ»  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
(4 жылдық)

АЛМАТЫ, 2024

Құрастырған: Дінтану кафедрасы

Хаттама № 7 «15» 03 2024 ж.


Кафедра меңгерушісі А.А. Рыскиева



Ислам ілімдері факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 8 «27» 03 2024 ж.

Факультет деканы Юсуф Гиндауи



Университеттің академиялық комитет кеңесінде келісілді.

Хаттама № 8 «29» 03 2024 ж.

Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмаганбетова



Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 9 «29» 03 2024 ж.

## I семестр

### *Міндетті пәндер:*

- ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит  
K(O)T 1104 Қазақ (Орыс) тілі – 5 кредит  
DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит  
Ale 1107 Әлеуметтану – 2 кредит  
Saya 1107 Саясаттану – 2 кредит  
Psi 1107 Психология – 2 кредит  
Mad 1107 Мәдениеттану – 2 кредит  
DT 1201 Діндер тарихы – 4 кредит  
MK 1204 Мамандыққа кіріспе – 3 кредит  
ArT 1207 Араб тілі – 3 кредит

### *Элективті пәндер: ЖОҚ*

## II семестр

### *Міндетті пәндер:*

- KT 1101 Қазақстан тарихы – 5 кредит  
ShT 1103 Шетел тілі – 5 кредит  
K(O)T 1104 Қазақ (Орыс) тілі – 5 кредит  
DSh 1106 Дене шынықтыру – 2 кредит  
EOK 1108 Экология және өмір қауіпсіздігі – 5 кредит  
OP 1205 Оқу практикасы – 1 кредит  
IsT 1206 Ислам теологиясы – 3 кредит  
ArT 1207 Араб тілі – 4 кредит

## III семестр

### *Міндетті пәндер:*

- Fil 2102 Философия – 5 кредит  
ICT 2105 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 5 кредит  
DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит  
DA 2202 Дін әлеуметтануы – 5 кредит  
KK 2203 Құран Кәрім – 3 кредит

### *Элективті пәндер:*

#### **1. MD 2215 Мораль және дін – 5 кредит**

*Мақсаты:* Дінтану бойынша алған білімдерін тереңдету мақсатында діндердің аксиологиялық тұстарын қарастыру. Діндердің этикалық нормалары мен ахлақтық үкімдерін салыстырмалы түрде талдау.

*Мазмұны:* Діни мораль ұғымы. діннің этикалық категориялары. Оның тарихи даму ерекшелігі. Діни мораль және оның діни-мәдени процестегі құндылықтық ұғымдарының орны мен ролі. құндылықтар табиғатының теориялық аспектісі. діни-этикалық категориялардың ерекшеліктері.

#### *Нәтиже*

*-Білімі:* әлемдік және ұлттық діндердегі діни-этикалық құндылықтарды сараптамалық зерттеу жүргізуді меңгереді.

*-Білігі:* әр діннің моральдік өлшемдерін ажырата алады.

*-Құзіреттері:* әлемдік, ұлттық діндердің діни-этикалық ұстанымдарын ажырата алады.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* EDO 2217 Эстетика және діни өнер

#### **2. KMD 2215 Қазіргі мемлекеттегі дін – 5 кредит**

*Мақсаты:* Қазіргі заманғы діни көзқарасты түсіну және меңгеру, қазіргі заманғы діннің рухани-өнегелі императивтерімен таныстыру, болашақ жас мамандарды сындарлы ойлап, әртүрлі дәуірлердегі рухани өмірдің күрделі және алуан түрлі құбылыстарын бағалауда өзіндік талдау жұмыстарын жүргізуге үйрету, қазіргі заманда қоғамның рухани және материалды мәдениетінің дамуындағы құбылыстар мен тенденцияларды зерттеуде объективті критерийлерді және құнды бағдарларды қалыптастыру.

*Мазмұны:* Мемлекет ұғымы. белгілері мен қызметтері. Мемлекет түрлері. Зайырлы және теократиялық мемлекет. Сакрализация және секуляризация үрдістері. Мемлекет пен дін арақатынасының тарихи типтері. Мемлекеттік дін ұғымы: мәні және белгілері. Діннің мемлекеттен ажыратылуы принципі. Құқық ұғымы: мәні, түрлері мен қызметтері. Діни нормалардың құқықтық қалыптасуына ықпалы.

#### *Нәтиже*

*-Білімі:* Қазақстандағы мемлекет және дін қатынастарының даму тарихын, негізгі бағыттары мен принциптерімен танысады.

*-Білігі:* осы салада қалыптасқан ұғымдар мен тұжырымдарды, көзқарастар мен идеяларға еркін талдау жасай алады.

*-Құзіреттері:* дінге қатысты заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттарды сараптауға және интерпретациялап; құжаттар мен дереккөз әдебиетімен өзіндік жұмыс жасау әдістемесіне; мемлекет және дін арақатынасының теориялық және практикалық мәселелерін талдау.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* DMZ 4223 ҚР дін туралы мемлекеттік заңдар

## **1. KBATPK 2219 Кәсіби бағытталған араб тілінің практикалық курсы - 5 кредит**

*Мақсаты:* Араб тілінде жазылған дінтану саласындағы еңбектерді зерттеу мен зерделеу. Ислам және өзге діндерге қатысты діни терминологияны меңгеру. Жаттығуларды орындай отырып, біліктілікті арттыру.

*Мазмұны:* Араб тіліндегі діни дереккөздер. Ислам дінінің қайнарлары. Жалпы діндер тарихына қатысты жазылған көне және заманауи еңбектерді оқуға даярлайтын жаттығулар.

### *Нәтиже*

-*Білімі:* мамандыққа қатысты діни дереккөздермен жұмыс істеуді үйрену.

-*Білігі:* дінтану салаларына қатысты мәліметтерді жинақтап, талдай білуге машықтанады.

-*Құзіреттері:* діни мәтіндерге талдау жасап, саралай алады.

*Пререквизиттер:* АГТ 1207 Араб тілі

*Постреквизиттер:* жоқ

## **2. DAAT 2219 Дінтанушыларға арналған ағылшын тілі - 5 кредит**

*Мақсаты:* Арнайы дінтанушы мамандар үшін жаңа лексикалық және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерді игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды дамыту.

*Мазмұны:* ағылшын тілінің грамматикалық құрылысы, оның заңдылықтары. Ағылшын тіліндегі сөз таптары. Олардың түрлену жүйесі категориялары, сөздің бір-бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлері, сөз тіркестері құрлысы, сөздердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем жүйесі.

### *Нәтиже*

-*Білімі:* Ағылшын тілінің грамматикасына қатысты заңдылықтарды меңгереді.

-*Білігі:* өз алдына сөйлем құрауға машықтанады.

-*Құзіреттері:* Ағылшын тіліндегі әдебиеттерді еркін түсінеді.

*Пререквизиттер:* ShT 1103 Шетел тілі

*Постреквизиттері:* KBShT 3214 - Кәсіби бағытталған шет тілі

## **IV семестр**

### **Міндетті пәндер:**

**DSh 2106 Дене шынықтыру – 2 кредит**

**DAnt 2209 Діни антропология – 5 кредит**

**DP 2210 Дін психологиясы – 5 кредит**

**АГТ 2306 Араб тілі 2 – 5 кредит**

### **Элективті пәндер:**

## **1. EDO 2217 Эстетика және діни өнер – 3 кредит**

*Мақсаты:* Дінтанушы мамандарды жоғарғы кәсіби деңгейде дайындау және студенттерді діндер мәдениетіндегі эстетика, өнер, сәулет тарихы, колөнер мен жазба өнеріне қатысты тақырыптарды меңгеріп, талдай алуын қалыптастыру.

*Мазмұны:* Дін мәдениет құбылысы ретінде. Негізгі эстетикалық категориялар Буддизм эстетикасы. Христиан эстетикасы. Орта ғасырдағы Батыс Еуропа өнері. Ислам және өнер. Ислам мәдениетінде музыка және поэзия өнері

### *Нәтиже*

- *Білімі:* діннің қалыптасуы және дамуындағы эстетиканың ролін білу.

- *Білігі:* дәстүрлі және жаңашылдық діни өнерді ажырата білу.

-*Құзыреттері:* эстетикалық өнерге бағытталған теориялық білімді практикада іске асыру, меңгеру.

*Пререквизиттер:* жоқ

*Постреквизиттер:* QSD 4222 Қазақ салт-дәстүрлері

## **2. DO 2217 Дін және өнер – 3 кредит**

*Мақсаты:* Дінтанушы мамандарды жоғарғы кәсіби деңгейде дайындау және студенттерді діндер өркениетіндегі дін және өнер тарихына қатысты тақырыптарды меңгеріп, талдай алуын қалыптастыру.

*Мазмұны* - діни өнер контекстіндегі эстетиканың негізгі категориялары. Өнердің негізгі түрлерінің діни көрінісі, діни өнердегі дәстүрлік және жаңашылдық. Өнер генезисі. Діни-көркемдік біртұтастық мәселесі

### *Нәтиже*

- *Білімі:* діни өнердің табиғатын, ерекшеліктерін және қызметтерін меңгереді.

- *Білігі:* діни өнердегі канонның орнын ажыратады.

-*Құзыреттері:* Өнер генезисіне еркін талдау жасайды.

*Пререквизиттер:* жоқ

*Постреквизиттер:* QSD 4222 Қазақ салт-дәстүрлері

## **1. SD 2218 Салыстырмалы дінтану – 5 кредит**

*Мақсаты:* Дінтануға қатысты жалпы түсінікті тереңдете түсу. Діндердегі сенім, құқық, этика, дүнеитаным, діни мәтін

түсініктеріне салыстырмалы түрде талдау жасау.

*Мазмұны:* Әр діннің өзіне тән маңызды ерекшеліктерін ашып көрсету. Ғылыми танымның маңызды әдістерінің бірінен саналатын аналогиялық әдіске мән беру арқылы, білім көкжиегін кеңейте түсу.

*Нәтиже*

- *Білімі:* дінтанушылық зерттеу әдістері туралы базалық жалпы кәсіби түсінікті пайдалану

- *Білігі:* діни салалардың айырмашылығы мен өзіндік ерекшеліктерін саралай алу.

-*Құзіреттері:* саралай білуге және сол салаға тиістілігін анықтай білуге бағытталған тәжірибе жинақтайды.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* DS 4212 Дінтанулық сараптама

## **2. ОАНТ 2218 Орта Азиядағы христиандық тарихы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Қатысты жалпы түсінікті тереңдете түсу. Діндердегі сенім, құқық, этика, дүниетаным, діни мәтін түсініктеріне салыстырмалы түрде талдау жасау.

*Мазмұны:* Әр діннің өзіне тән маңызды ерекшеліктерін ашып көрсету. Ғылыми танымның маңызды әдістерінің бірінен саналатын аналогиялық әдіске мән беру арқылы, білім көкжиегін кеңейте түсу.

*Нәтиже*

- *Білімі:* дінтанушылық зерттеу әдістері туралы базалық жалпы кәсіби түсінікті пайдалану

- *Білігі:* діни салалардың айырмашылығы мен өзіндік ерекшеліктерін саралай алу.

-*Құзіреттері:* саралай білуге және сол салаға тиістілігін анықтай білуге бағытталған тәжірибе жинақтайды.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

## **1. IsFK 2311 Ислам философиясына кіріспе – 5 кредит**

*Мақсаты:* Дінтанушы мамандарды жоғарғы кәсіби деңгейде дайындау және магистранттарды ислам философиясының дамуына ықпал еткен өзекті мәселелер мен алғышарттарды, исламдық ағымдарды жете түсінудің негізгі жағдайларымен таныстыру.

*Мазмұны:* Дінтану мамандарды жоғарғы кәсіби деңгейде дайындау және студенттерді ислам философиясының дамуына ықпал еткен өзекті мәселелер мен алғышарттарды,

исламдық ағымдарды жете түсінудің негізгі жағдайларымен таныстыру.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Қазіргі исламдық философияның қалыптасуы мен дамуы, қалыптасуына әсер еткен сеептер, дамудағы негізгі бағдарлар.

-*Білігі:* Қазіргі исламдық философиялық ағымдардың философиялық көзқарас ерекшеліктері мен қағидаларын ажырата алу  
-*Құзіреттері:* Ислам философиясындағы жетістіктерді ондағы негізгі проблемаларға түсіндіру және сын көзбен талдаулар жүргізе білу.

*Пререквизиттер:* Fil 2102 Философия

*Постреквизиттер:* KODD 3313 Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы

## **2. GD 2311 Ғылым және дін – 5 кредит**

*Мақсаты:* Ғылым мен діннің мәдени феномендерінен тыс философиялық-аксеологиялық рефлексияны қалыптастыру.

*Мазмұны:* Ғылымның мәнділігі және прагматикалық құндылығынан аспайтын мәдени парадигма ретінде діни рефлексияны сыни қабылдау.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Ғылым мен діннің әлеуметтік функциялары мен перспективаларын айқындау;

-*Білігі:* Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану;

-*Құзіреттері:* Дін мәселесін ғылыммен байланыстыра отырып негізгі ғылыми көзқарастарды қалыптастырады.

*Пререквизиттер:* Fil 2102 Философия

*Постреквизиттер:* KODD 3313 Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы

## **V семестр**

***Міндетті пәндер:***

**DF 3208 Дін философиясы – 5 кредит**

***Элективті пәндер:***

**1.ҮАНТ 3213 Яһудилік және христиандық тарихы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Христиандық туралы білімді қазіргі заман талабына сай оқыту.

*Мазмұны:* Христиан дінінің қалыптасуындағы тарихы жағдай.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Христиан дінінің тарихы мен қазіргі ахуалы.

-*Білігі:* христиан дінінің мәселелерін талдауды меңгереді.

*-Құзіреттері:* Яһудилік пен христиандықтың тарихын зерттеуге қолданылған әдістемелерді игереді; яһудилік пен христиандықтың пайда болу, қалыптасу және даму кезеңдерін әлеуметтік, мәдени, саяси, діни факторлар негізінде талдай алады. Теологияның генезисін және оның өз алдына дербес ғылым ретінде қалыптасу және даму тарихына қатысты мәліметтерді меңгереді.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы  
*Постреквизиттер:* жоқ

## **2. НТ 3213 Христиан теологиясы – 5 кредит**

*Мақсаты:* христиан дініндегі сенім мәселелерінен терең мағлұмат беру.

*Мазмұны:* Христиандықтағы үштік сенім. Жеті құпия. Христиандық бағыт бойынша жаратылыс ілімі. Тарихтағы христиан топтары. Діни сенім жүйесінің ерекшеліктері. Христиандардың сенімі мен шариғаты Шіркеу әкейлерінің ілімі.

### *Нәтиже*

*-Білімі:* христиан сенімі туралы мәліметтерді қазіргі заман талабына сай алады.

*-Білігі:* христиандық сенім мәселелеріне талдау жасауды меңгереді.

*-Құзіреттері:* Христиан сеніміне қатысты білімін діндераралық диалог мәселесінде қолданады.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы  
*Постреквизиттер:* жоқ

## **1. KBShT 3214 - Кәсіби бағытталған шет тілі - 5 кредит**

*Мақсаты:* Кәсіби және мәдениетаралық қатынас саласында тілдік құбылыстар мен оқытылатын шетел тілін сөйлеушілердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін білу, кәсіби шетел тілінде терминологияны, мәтіндер мен ақпаратты қолдана алуға дағдылану.

*Мазмұны:* Студенттерді оқыған материалдарды игеріп, кәсіби арнайы мәтіндерге талдау жүргізу, мамандық бойынша нақты тақырыптар бойынша пікір сайысқа түсуге қабілетті болу және өз ойын екінші шетел тілінде жеткізе алуға бейімді болу.

### *Нәтиже*

*-Білімі:* Жаңа лексикалық және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерлі игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды дамыту болып табылады.

*-Білігі:* Пән бойынша алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу.

*-Құзыреті:* Күнделікті өмірде араб тілін еркін пайдалана білу

*Пререквизиттер:* ShT 1103 Шетел тілі  
*Постреквизиттер:* жоқ

## **2. КОАТ 3214 - Күнделікті өмірдегі ағылшын тілі - 5 кредит**

*Мақсаты:* Шетел тілі курсынан күнделікті араб тілі пәнінде күнделікті тұрмыста қолданылатын негізгі сөздерді меңгерту, араб тіліндегі жеңіл сөйлемдерге, мәтіндерге грамматикалық талдау жасай білу, қолданылу ерекшеліктерін білу.

*Мазмұны:* Студенттерді оқыған материалдарды толық түсініп, талдай алуға, естіген материалдарын тыңдау арқылы түсініп, жүйелі түрде монолог, диалог түрінде жеткізе алуға үйрету. Араб тілінде сауатты жаза білуге үйрету.

### *Нәтиже*

*-Білімі:* Жаңа лексикалық және грамматикалық құбылыстарды қамтитын тілдік үлгілерлі игеру арқылы жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды дамыту болып табылады.

*-Білігі:* Пән бойынша алған білімін күнделікті өмірде қолдана білу.

*-Құзыреті:* Күнделікті өмірде шет тілін еркін пайдалана білу

*Пререквизиттер:* ShT 1103 Шетел тілі  
*Постреквизиттер:* жоқ

## **1. PKD 3216 Постсекулярлы қоғамдағы дін – 5 кредит**

*Мақсаты:* қазіргі қоғамдағы діннің орны мен азаматтардың діндарлық деңгейіне қатысты дін әлеуметтануындағы жаңа зерттеулермен таныстыру арқылы Қазақстан қоғамындағы діннің орны мен рөлін анықтауға дығдыландыру.

*Мазмұны:* Секуляризация, десекуляризация, постсекулярлы қоғам ұғымы. Діннің қайта жандануы, діндарлық. Жаһандану және модернизация үдерістерінің діндарлыққа ықпалы. Қазіргі әлеуметтік контекстегі дінге деген көзқарас.

### *Нәтиже*

*- Білімі:* қазіргі қоғамдағы діннің орны мен діндарлық деңгейінің артып-кемуіне әсер ететін факторлар мен оның жемісімен танысады.

- *Білігі:* Қазақстан қоғамындағы діни жағдайды ғылыми негізде түсіндіріп бере алады.

- *Құзіреттері:* постсекулярлы қоғамдағы діннің рөлі мен діндарлық деңгейін түсіндіру құзіретіне ие болады.

*Пререквизиттер:* DA 2202 Дін әлеуметтануы

*Постреквизиттер:* DMZ 4223 ҚР дін туралы мемлекеттік заңдар

**2. EI 3216 Эзотериялық ілімдер – 5 кредит**  
*Мақсаты:* Құпия ілімдердің тарихы мен мәнімен таныстыру.

Құпия ілімдер. Магия мен алхимия. Астрология, гностицизм және йудаистік каббала. Ислам мистицизмі – сопылық. Үнділік құпия ілімдер: йога тәжірибесі және ваджраяна.

*Мазмұны:* Құпия ілім болып табылатын эзотерия саласының негізгі мәнін ашу, каббала, мистика, суфизм, алхимия т.б. сынды категориялармен таныс болу, негізгі мәнін зерттеу.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Құпия ілімдердің ерекшеліктері мен әдістерін меңгереді.

-*Білігі:* құпия ілімдердің әртүрлі әдістеріне еркін талдау жасайды.

-*Құзіреттері:* мистика-эзотерикалық қозғалыстардың теориялық және практикалық қырларын сараптайды.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

**1. IZD 3220 Исламдағы заманауи дискурс – 5 кредит**

*Мақсаты:* Бұл пән студенттерге Ислам дінінің қазіргі замандағы теориялық және практикалық аспектілерін түсіндіру, заманауи қоғамдағы исламның рөлі мен мәнін талдау.

*Мазмұны:* Исламның негізгі қағидаттары мен заманауи көзқарастары, сонымен қатар, тарихы, қағидаттары және олардың қазіргі қоғамдағы рөлі қарастырылады.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Ислам дінінің негізгі қағидаттары мен концепцияларын білу.

-*Білігі:* Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану.

-*Құзіреттілігі:* Мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңызын түсінуі, негізгі перспективалар мен нақты жұмысын

анықтайтын мәселелерді анықтау, мәліметтердің ақпарат базаларын жинауда қолдану.

*Пререквизиттер:* IsFK 2311 Ислам философиясына кіріспе

*Постреквизиттер:* жоқ

**2. OAS 3220 Орталық Азиядағы суфизм – 5 кредит**

*Мақсаты:* Орталық Азиядағы суфизмнің пайда болуы мен таралуы, орнығуының тарихи, мәдени-әлеуметтік алғышарттарымен таныстыру.

*Мазмұны:* Орталық Азиядағы суфизмнің пайда болуы мен қалыптасуы. Ең алғашқы сопылар. Суфизмге қатысты ғалымдардың көзқарастары. Ислам мәдениетінде сопылық әдебиеттер мен тариқаттардың рөлі. Қазақ жерінде таралған сопылық бағыттар

*Нәтиже*

-*Білімі:* Исламдағы суфизм жолының мәні мен мақсаты жайлы таным қалыптасады.

-*Білігі:* Суфизмнің ұлттық діл мен мәдениетке ықпал-әсері туралы ой танымдық мәдениетін қалыптасады.

-*Құзіреттері:* Дәстүрлі суфизм мен адасқан суфизм топтардың айырмашылықтарын біледі.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарих

*Постреквизиттер:* KODD 3313 Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы

**1. IT 3312 Ислам тарихы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Ислам дінінің тарихын және қазіргі мәселелерін оқып-зерттеу негізінде ислам ілімінің негіздері мен ерекшеліктерін айқындау.

*Мазмұны:* Ислам діні, қалыптасуы және таралуы. Қазіргі жаһандық мәселелер. Ислам діні жаһандық мәселелерді шешуші дін ретінде.

*Нәтиже*

- *Білімі:* ислам дінінің қазіргі мәселелерге қатысты позициясымен танысады.

- *Білігі:* дінаралық және ұлтаралық қақтығыстардың алдын алудағы ислам дінінің ұсыныстарын көрсете алады.

-*Құзіреттері:* ислам дінінің құндылықтарын күнделікті мәселелерді шешуде қолданады

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* TIsMTM 3309 Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті

**2. VQI 3312 Батыс қоғамындағы исламофобия - 5 кредит**

*Мақсаты:* Білім алушыларды дінаралық татулыққа қауіп төндіруші құбылыс ретінде исламофобияның себептері мен қауіптерімен таныстыру

*Мазмұны:* Еуропадағы исламның тарихы. Исламофобияның әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық бастаулары. Батыс қоғамындағы ислам әлеміне деген үрейдің артуында БАҚ рөлі. Жаһандану үдерісінің батыс және шығыс әлемінің жақындай түсуіне әсері.

Батыс қоғамындағы исламофобиялық ұстанымдардың мұсылман шығысқа ықпалы. Батыс қоғамында ислам әлеміне деген ұстанымдардың фильмдердегі көрінісі. Ислам әлеміне қатысты батыс әлеміндегі соңғы зерттеулерге шолу.

*Нәтиже*

*-Білімі:* Батыс қоғамындағы исламға деген көзқарастың тарихи, мәдени, діни алғышарттары мен жемісін біледі

*-Білігі:* Ислам діні мен мұсылмандарға деген исламофобиялық ұстанымдардың себептерін көрсете алады

*-Құзіреттері:* Мұсылмандарға деген стереотиптердің негізсіздігін көрсету арқылы, дінаралық келісім мен татулықтың жолдарын ұсына алады

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

## **VI семестр**

### **Міндетті пәндер:**

**DFen 3301 Дін феноменологиясы – 5 кредит**

**KDKK 3302 Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер – 5 кредит**

**OnP 3303 Өндірістік практика – 5 кредит**

### **Элективті пәндер:**

**1. GDSP 3221 Ғибадат және діни сенім психологиясы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Ғибадат және діни сенімнің психологиялық аспектілерін түсіндіріп, діни тәжірибе мен сенімнің адамның психикалық жағдайына, мінез-құлқына және жалпы өміріне қалай әсер ететінін зерттеу.

*Мазмұны:* Ғибадат пен діни сенімнің психологиялық тұстары, олардың адамның өміріндегі орны. Ғибадаттың адамның психикалық және әлеуметтік мінез-құлқына әсері. Әр түрлі ғибадат түрлерінің психологиялық ерекшеліктері.

*Нәтиже*

*-Білімі:* Ғибадат пен діни сенімнің психологиялық теориялары мен тұжырымдамаларын біледі.

*-Білігі:* Діни тәжірибені, сенімдерді және ғибадатты психологиялық тұрғыдан түсіндіре білу.

*-Құзіреттері:* Пәнді оқудың нәтижесінде білім алушы діни сенімдер мен ғибадаттың психологиялық негіздерін терең түсінуге; діни тәжірибелердің адамның жеке тұлғасы мен әлеуметтік қарым-қатынастарға қалай ықпал ететінін сараптай білуі тиіс.

*Пререквизиттер:* DP 2210 Дін психологиясы

*Постреквизиттер:* жоқ

**2. KRDU 3221 Қазақстан Республикасындағы діни ұйымдар – 5 кредит**

*Мақсаты:* Қазіргі дін ұйымдар туралы объективті біліммен қамтамасыз ету, қазіргі діни бағыттардың идеяларымен, шығармашылығымен, теологиялық және қоғамдық-саяси мәселелерге қатысты ұстанымдарымен таныстыру.

*Мазмұны:* Қазіргі заманғы діни ұйымдардың ерекшелігі. Персонализм және діни экзистенциализм. Неориенталистік ағымдар. Протестанттық жаңа құрылымдар. Қазіргі кездегі құпия ілімдер. Исламдағы кейінгі идеялық ағымдар.

*Нәтиже*

*-Білімі:* қазіргі діни ұйымдар формаларының пайда болуы мен дамуымен танысады.

*-Білігі:* қазіргі діни ұйымдар адамзаттың рухани мәдениетіндегі құбылыс ретіндегі мәнін аша алады.

*-Құзіреттері:* қазіргі әлемдегі діни ұйымдардың түрлі формаларын зерттеп танып біледі.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

**1. MT 3309 Мазһабтар тарихы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Исламда сенімдік, құқықтық, саяси мазһабтардың пайда болуы, қалыптасу, дамуын қарастыру.

*Мазмұны:* Мазһабтардың қалыптасуына түрткі болған әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени алғышарттарға тоқталу.

*Нәтиже*

*-Білімі:* Мазһабтар тарихын терең білу арқылы ислам доктринасын сараптай біледі.

*-Білігі:* Мазһабтар арасындағы ерекшеліктер мен айыра білу



*-Құзіреттері:* Пәнді оқудың нәтижесінде білім алушы дін туралы ғылыми білімді меңгеруге; Мазһабтар тарихын меңгере отырып саяси және ілімдік тарихты меңгеруге; Ислам діні негіздерін игеруі тиіс.

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

## **2. TIsmTM 3309 Түркі ислам мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті – 5 кредит**

*Мақсаты:* Студенттің тарихи санасын қалыптастыру, мұсылман түркі халықтары тарихының мәселелерімен шұғылдануға бағыттау. Тарихи даму дәуірлері, халықтардың этникалық дамуы туралы ғылыми түсініктерді тереңдету.

*Мазмұны:* Исламға дейінгі түркілердің тарихына шолу. Түркілердің исламды қабылдауына дейінгі түркі-араб қатынастары. Түркілердің мұсылмандану процесі. Толунұлдары мемлекеті. Ихшидилер мен Саджұлдары мемлекеті. Саманилер мемлекеті, тарихы мен мәдениеті. Ғазнауилер мемлекеті. Қарахан мемлекетінің саяси тарихы. Қарахан мемлекетінің мәдениеті. Еділ Бұлғар хандығы. Селжұқтар мемлекетінің саяси тарихы. Селжұқтар мәдениеті. Мәмлүктер мемлекеті, тарихы мен мәдениеті. Хорезмшахтар мемлекетінің саяси тарихы. Алтын Орда мемлекеті, тарихы мен мәдениеті.

*Нәтиже*

*-Білімі:* Түркі халықтарының ислам дінін қабылдау үдерісін, мұсылман мемлекеттерін құруларымен қатар, олардың мәдени және саяси тарихын меңгереді.

*-Білігі:* Түркі ислам мемлекеттерінің саяси тарихы мен мәдениеті туралы мәліметтерді игереді.

*-Құзіреттері:* Қазақстан және жапсарлас аймақтардағы этникалық және мәдени құбылыстарды ажырата алады.

*Пререквизиттер:* IT 3312 Ислам тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

## **3. ВАКТА 3308 Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің аудармасы - 5 кредит**

*Мақсаты:* аударма саласындағы болашақ мамандардың лингвоаудармалық құзыреттілігін арттыру, БАҚ мәтіндерімен және олардың аудармасымен жұмыс істеу процесінде мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамыту.

*Мазмұны:* Бұл пән студенттерді заманауи отандық және шетелдік БАҚ-пен таныстыруға, БАҚ тілін, атап айтқанда медиамәтіндердің лингвомәдени, жанрлық және стильдік ерекшеліктерін, оларды шет тілінен аударма тіліне аудару әдістерін меңгеруге бағытталған. Сондай-ақ кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сауатты жазу дағдыларын дамыту, тілдің грамматикалық құрылымы, мәтіннің мазмұнын, түпнұсқасын да, аудармасын да адекватты түрде түсіндіру.

*Нәтиже:*

*-Білімі:* негізгі және аударылатын тілдердің тілдік сипаттамасын, қазіргі әдеби және бұқаралық ақпарат құралдары тілдерінің ерекшеліктерін, тілдің грамматикалық құрылымын, негізгі тіл мен аударылатын тілдің стилін.

*-Білігі:* негізгі тілдің және оқытылатын тілдің грамматикалық құрылымдарын жазбаша және ауызша сөйлеуде қолдана білу;

*-Құзыреті:* негізгі тілдің және оқытылатын тілдің грамматикалық құрылымдарын жазбаша және ауызша сөйлеуде қолдана білу;

*Пререквизиттер:* жоқ

*Постреквизиттер:* DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы

## **1. KODD 3313 Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Ойшыл, ойшылдық, даналық ұғымдарын ашып көрсету.

*Мазмұны:* Қазақ топырағынан шыққан ортағасырлық ғұламалар мен хандық кезеңдегі жыраулар поэзиясы, зар заман ақындары мен соңғы ғасырда ыдана-ойшылдардың шығармаларындағы діни көріністерді қарастыру. Астарына үңіліп, талдау жасау.

*Нәтиже*

*-Білімі:* Қазақ дүниетанымын терең игеру, отандық кемеңгерлер еңбегін зерделеу;

*-Білігі:* сараптамалық, талдаулық зерттеулерде қазақ дүниетанымы саласының маңыздылығын ескере білу;

*-Құзіреттері:* отандық дінтану ғылымының спецификасын ескеру, өзіндік артықшылықтарын игеру;

*Пререквизиттер:* IsFK 2311 Ислам философиясына кіріспе

*Постреквизиттер:* QSD 4222 Қазақ салт-дәстүрлері

## **2. OAIcT 3313 Орта Азиядағы ислам тарихы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Орта Азиядағы ислам тарихын және қазіргі мәселелерін оқып-зерттеу негізінде ислам ілімінің негіздері мен ерекшеліктерін айқындау.

*Мазмұны:* Орта Азиядағы ислам дінінің, қалыптасуы және таралуы. Қазіргі жаһандық мәселелер. Ислам діні жаһандық мәселелерді шешуші дін ретінде.

### *Нәтиже*

- *Білімі:* ислам дінінің қазіргі мәселелерге қатысты позициясымен танысады.

- *Білігі:* дінаралық және ұлтаралық қатығыстардың алдын алудағы ислам дінінің ұсыныстарын көрсете алады.

-*Құзіреттері:* ислам дінінің құндылықтарын күнделікті мәселелерді шешуде қолданады

*Пререквизиттер:* IT 3312 Ислам тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

## **3. AIZT 3310 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар – 5 кредит**

*Мақсаты:* Студенттерге компьютерлік аударма бағдарламалары, машиналық аударма жүйелері, терминологиялық базалар және аударма жадымен жұмыс істеу тәсілдері туралы кешенді білім беру көзделеді.

*Мазмұны:* Аударма ғылымының теориялық мәселелері, аударма жасау техникасы, әдіс тәсілдері мен аудармаға және аудармашыға қойылатын талаптар, аударма саласының жанрлық түрлері, іс-қағаздар, олардың аударылуы, термин мәселелерін қарастыру, сондай-ақ, курста аударма үдерісін автоматтандыруға және оңтайландыруға арналған негізгі құралдар қарастырылады: компьютерлік аударма бағдарламалары (CAT tools), машиналық аударма жүйелері (Google Translate, DeepL), терминологиялық базалар және глоссарийлерді құру, басқару әдістері. Сонымен қатар, студенттер аударма жадыны тиімді пайдалану, жобаларды басқару және аударма сапасын бағалау құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

### *Нәтиже:*

-*Білімі:* студенттер аударма ісіндегі заманауи технологиялардың түрлері мен олардың қолдану ерекшеліктері туралы білім алады.

-*Білігі:* студенттер аударма құралдарын пайдаланып, аударма жады мен терминологиялық базалармен тиімді жұмыс істеуді меңгереді.

-*Құзыреті:* Бұл курс компьютерлік аударма саласында арнайы білімі, іскерлігі, дағдысы бар мамандарды қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламалық қамтамасыз ету барысында лайықты аударма ісін жүргізу, өңдеу жұмыстарын жүргізу іскерлігін меңгерту. Курста компьютер және аударма, автоматтандырылған аудрама, аударма ісі жадылық жүйесі, машиналық аудрама, редакциялау. Студенттер аударма ісінде заманауи технологияларды қолдана отырып, сапалы және жедел аударма жасауға қабілетті болады.

*Пререквизиттер:* жоқ

*Постреквизиттер:* DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы

## **VII семестр**

***Міндетті пәндер: жоқ***

### ***Элективті пәндер:***

#### **1. DFM 3211 Діни фундаментализм және модернизм - 5 кредит**

*Мақсаты:* Фундаменталистік топтардың діни топ ретіндегі ерекшелігімен таныстыру

*Мазмұны:* Фундаментализм және діни фундаментализм ұғымы, діни фундаментализмнің басты ерекшеліктері. Фундаментализмге қатысты дін әлеуметтануы зерттеулеріндегі теориялар. Діни фундаментализмнің тарихи бастаулары. Ислам әлеміндегі діни фундаментализм: харижия және сәләфия. Жамаладдин Ауғани, Мұхаммед Абдуһ, Рашид Риданың фундаменталистік көзқарастарының ислам әлеміне ықпалы. Діни фундаментализмнің қалыптасуы: Хасан әл-Бәнна, Сайд Кутб, Әбу Ала әл-Маудуди. Діни фундаментализм исламофобияны күшейтуші фактор ретінде.

### *Нәтиже*

-*Білімі:* Діни фундаментализмнің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуын меңгереді

-*Білігі:* Фундаментализмнің идеологиялық негізін анықтай алады

-*Құзіреттері:* Қазіргі таңдағы фундаменталистік топтардың қауіпті тұстарын көрсете алады

*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы

*Постреквизиттер:* жоқ

#### **2. EOT 3211 Еркін ойлау тарихы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Болашақ мамандардың дінге қатысты еркін ойдың қалыптасуы мен даму

кезеңдері, адамзат рухани мәдениет тарихындағы еркін ойдың алуан түрлі формалары туралы ой-танымдық мәдениетін қалыптастыру.

*Мазмұны:* Еркін ой тарихы. Еркін ойдың түрлі формалары. Адамзат тарихындағы еркін ойдың қалыптасуы, даму кезеңдері мен ерекшеліктері; еркін ой рухани мәдениеттің құбылысы ретінде дінге сыни көзқарас екендігін ашып зерттеу.

*Нәтиже*

-*Білімі:* еркін ойшылдықтың тарихы мен кезеңдерін меңгереді.

-*Білігі:* діни сана мен еркін ойшылдықты ажырата алады.

-*Құзіреттері:* философия тарихындағы еркін ойдың әртүрлі формалары туралы ой-танымдық мәдениет қалыптасқан.

*Пререквизиттер:* *Fil 2102 Философия*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **1. ДАК 4212 Дін және әлеуметтік конфликт – 5 кредит**

*Мақсаты:* Студенттерге дін мен қоғам арасындағы қатынастарды, сондай-ақ діннің әлеуметтік конфликтілердегі рөлін түсіндіру.

*Мазмұны:* Дін мен әлеуметтік қатығыстардың өзара қарым-қатынасы. Діни негіздегі қатығыстардың пайда болу себептері мен оларды шешу жолдары қарастырылады.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Әртүрлі әлеуметтік контекстердегі діни негіздегі шиеленістер мен олардың салдарын түсінеді.

-*Білігі:* Дін мен әлеуметтік конфликтілердің арасындағы байланыстарды талдай біледі; Діни қатығыстардың туындау себептерін зерттеп, әлеуметтік шиеленістерді басқару бойынша ұсыныстар жасай алады.

-*Құзіреттері:* Діни айырмашылықтардың әлеуметтік конфликтілерге ықпалы мен олардың шығу себептерін анықтау.

*Пререквизиттер:* *DA 2202 Дін әлеуметтануы*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **2.ЕЮ 4212 Еуропадағы ислам өркениеті – 5 кредит**

*Мақсаты:* Дін және өркениетті қазіргі зерттеу процестерінің күрделі идеяларын сараптау, бағалау және салыстыру;

*Мазмұны:* Дін және өркениет арақатынасы және қазіргі мәселелері. Зерттеу әдістері.

Ғылыми принциптері мен мазмұндық ұстанымдары. Қазіргі дін және өркениет байланысының және өзара ықпалдасуының теологиялық түсіндірмелері.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Дін және өркениеттің қазіргі мәселелерімен танысып, талдау жасайды.

-*Білігі:* Дін және өркениет мәселелерін талқылау арқылы, қазіргі діни және зайырлы сананы зерделейді.

-*Құзіреттері:* Аталған пәндегі мәселелермен танысу арқылы, мұсылман әлемінің мәселелеріне талдау жасауды меңгереді.

*Пререквизиттер:* *IT 3312 Ислам тарихы*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **1. QRDSN 4223 ҚР дін саласындағы нормативтік құқықтық актілер – 5 кредит**

*Мақсаты:* Студенттердің құқықтық білімдерін қалыптастыру. ҚР дін туралы мемлекеттік заңдарды салыстырмалы түрде талдау.

*Мазмұны:* Ежелгі түрік құқығының қайнар көздері. Исламның таралу тарихы және исламдық құқық.Қазақстанның Ресейге қосылуы және дәстүрлі құқықтық жүйедегі өзгерістер. Патша Үкіметінің әкімшілік басқару кезеңіндегі дәстүрлі қазақ құқығы туралы тарихи мәліметтер (діни және әкімшілік-әлеуметтік институттардың өзара қатынастары) 1991 жылдан кейінгі Қазақстандағы мемлекеттік-шіркеулік қатынастар.Қазақстан Республикасындағы мемлекет және дін – Қазақстан Ата Заңы және “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” заң.

*Нәтиже*

-*Білімі:* ҚР дін туралы мемлекеттік заңмен танысады.

-*Білігі:* Дін туралы мемлекеттік заңды білу арқылы, діни мәселелерге өзіндік талдау жасай алады.

-*Құзіреттері:* Қазақстандағы діни бірлестіктердің әрекетіне заң аясында бақылау жасайды.

*Пререквизиттер:* *DT 1201 Діндер тарихы*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **2. КДВ 4223 Қазақстандағы діни басылымдар – 5 кредит**

*Мақсаты:* ҚР діни басылымдар және олардың әлеуметтік, мәдени қызметімен таныстыру.

*Мазмұны:* Қазіргі таңда жарық көрген ислам діні бағытындағы баспасөздер. Діни басылымдарда жарық көрген материалдардың ерекшеліктері. Діни басылымдардағы жарияланған мақалаларды жан-жақты саралау, тарихи тұрғыда талдау жасау әдістері. Бүгінгі діни идеологияның қазақ қоғамында қалыптасуы мен дамуына тигізген әсерлер.

*Нәтиже*

-*Білімі:* діни басылымдардың қызметі мен мәнінен хабардар болады.

-*Білігі:* баспасөз беттерінде жарияланған діни мақалаларды саралайды.

-*Құзіреттері:* діни басылымдардағы мақалаларды еркін талдап, автордың мақсатын көрсетуге қабілетті.

*Пререквизиттер:* *KDKK 3302 Қазіргі діни қозғалыстар мен культтер*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **1. ІК 4324 Ислам құқығы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Ислам құқығы ілімінің қалыптасуы, құқықтық мектептердің пайда болу тарихы мен себептерін үйрету.

*Мазмұны:* Мектеп негізін қалаушы және қалыптастырушы тұлғалардың өмір тарихымен таныстыру негізінде дәстүрлі төрт мектептің қалыптасу кезеңі мен негізгі ұстанымдары мен бағыттарын білу арқылы діни салада дәстүрлі ислам мен жат ағымдар арасындағы айырмашылықты оңай анықтаудың жолдарын үйрету.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Ислам дініндегі негізгі мәселелерді қарастыру, сонымен қатар ислам құқығына қатысты барлық ережелерді оқып білу.

-*Білігі:* Ислам құқық методикасын оқуға қажетті, ғылыми-әдеби және редакторлық жұмыс дағдыларын игеруі қажет.

-*Құзіреттері:* Ислам құқығы аясындағы тақырыптарда ой білдіре алады.

*Пререквизиттер:* *ІТ 3312 Ислам тарихы*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **2. КІсКМ 4324 Қазіргі ислам құқығының мәселелері – 5 кредит**

*Мақсаты:* Қазіргі кезеңдегі ислам құқығының негізгі мәселелерін талдау арқылы діни жағдаяттарды сауатты түрде игере білуге дағдылану.

*Мазмұны:* Ислам құқығының қалыптасу тарихы, кезеңдері, ерекшеліктері. Қазіргі кезеңдегі ислам құқығының түрлі

болмыстары, олардың арасындағы байланыс және қарым-қатынас.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Ислам дініндегі негізгі мәселелерді қарастыру, сонымен қатар ислам құқығына қатысты барлық ережелерді оқып білу.

-*Білігі:* Ислам құқық методикасын оқуға қажетті, ғылыми-әдеби және редакторлық жұмыс дағдыларын игеруі қажет.

-*Құзіреттері:* Ислам құқығы аясындағы тақырыптарда ой білдіре алады.

*Пререквизиттер:* *ІТ 3312 Ислам тарихы*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **1. НІК 4225 Хадис іліміне кіріспе – 5 кредит**

*Мақсаты:* Ислам шариятының негіздерінің бірі Пайғамбар және оның сахабаларынан жеткен мәтіндердің жинақталуын меңгеру, *Мазмұны:* Хадистердің зерттелуі мен даму кезеңдері және методологиясымен таныстырып, хадис саласына жазылған еңбектерді зерттеу.

*Нәтиже*

-*Білімі:* Хадис ілімінің негізінде жатқан ұғымдар мен категорияларды, олардың бүгінгі түсініктемелерін меңгеру;

- *Білігі:* Бүгінгі ислам ілімдеріндегі хадистің маңызы мен орнын білу; бүгінгі ғылыми жетістіктер аясында қалыптасқан хадистерді зерттеу методологиялық тәсілдерді игеру.

-*Құзіреттері:* Хадис іліміндегі бүгінгі негізгі тұжырымдамалар мен негіздері, ерекшеліктері мен даму тарихы туралы білімі.

*Пререквизиттер:* *ІТ 3312 Ислам тарихы*

*Постреквизиттер:* жоқ

### **2. DMGK 4225 Діни мәтін герменевтикасына кіріспе – 5 кредит**

*Мақсаты:* Діни мәтіндерді талдау, интерпретация жасау, түсіндірме жасау, сонымен қатар діни және көне мәтіндермен жұмыс жасауды үйрену.

*Мазмұны:* Діни мәтіндер және көне мәтіндер мазмұны

*Нәтиже*

-*Білімі:* Әлемдік және дәстүрлі діндергі діни мәтіндерді салыстыру, анализ жасауды үйрену;

-*Білігі:* Діни мәтіндер герменевтикасында теориялық білімдерді меңгерту;

-*Құзіреттері:* Діни мәтіндердің герменевтикасы пәні бойынша зерттеу

жұмыстарының нәтижесін өз бетінше қорытындылап, талқылап, жалпылай білу.  
*Пререквизиттер:* DT 1201 Діндер тарихы  
*Постреквизиттер:* жоқ

### **1. КМР 4310 Конфликт және медиация психологиясы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Студенттерге әлеуметтік, мәдени және тұлғалық деңгейлерде қақтығыстарды түсіну және басқару дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ медиацияның психологиялық аспектілерін меңгерту.

*Мазмұны:* Қақтығыстардың туындауы мен дамуының психологиялық механизмдері, конфликт түрлері, оның себептері мен салдары.

#### *Нәтиже*

*-Білімі:* Конфликт пен медиация психологиясының негізгі теорияларын және принциптерін меңгеру; Медиация үдерісінің тиімді жүзеге асуы үшін қажетті психологиялық құралдар мен әдістерді білу.

*-Білігі:* Медиацияның әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, қақтығыстарды басқару дағдыларын дамыту.

*-Құзіреттері:* Медиация үдерісінде келіссөз жүргізу және тараптар арасындағы қарым-қатынасты реттеу дағдылары; Қақтығыстардың алдын алу және оларды ерте кезеңде тану дағдылары.

*Пререквизиттер:* DP 2210 Дін психологиясы  
*Постреквизиттер:* жоқ

### **2. DD 4310 Дінаралық диалог – 5 кредит**

*Мақсаты:* Дінаралық диалогтың теоретикалық негіздерін түсіндіру, түрлі діндер арасындағы қарым-қатынастарды зерттеу және қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында діндер арасында диалог жүргізу дағдыларын қалыптастыру.

*Мазмұны:* Дінаралық диалогтың мәні, мақсаты, принциптері және негізгі концепциялары. Диалогтың тарихы және қазіргі кездегі тенденциялар. Әртүрлі діни көзқарастар мен сенімдердің өзара үйлесімі, плюрализм мен көпмәдениеттілік.

#### *Нәтиже*

*-Білімі:* Дінаралық диалогтың теориялық негіздері мен философиялық аспектілерін меңгеру; Әртүрлі діни жүйелер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, олардың қоғамдық өмірдегі рөлін білу.

*-Білігі:* Әртүрлі діни жүйелер мен сенімдер арасындағы байланыс пен қарым-қатынасты

сараптай білу; Дінаралық диалог жүргізудің негізгі принциптері мен тәсілдерін қолдану.  
*-Құзіреттері:* Дінаралық диалогты дамыту, діни қақтығыстардың алдын алу және шешу үшін практикалық шаралар мен стратегиялар жасау.

*Пререквизиттер:* DP 2210 Дін психологиясы  
*Постреквизиттер:* жоқ

### **3. DMA 4224 Діни мәтіндер аудармасы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Студенттерді діни мәтіндердің тілдік және мәдени ерекшеліктерімен таныстырып, оларды кәсіби деңгейде аударуға қажетті дағдыларды дамыту.  
*Мазмұны:* Пән діни мәтіндердің түрлі жанрлары мен стильдерін, олардың тарихи мәдени контекстін, аударма теориялары мен әдістемелерін қамтиды. Студенттер діни мәтіндерді аудару барысында кездесетін қиындықтарды, терминологияны, стилистикалық ерекшеліктерді, мәдени мәнмәтінді ескере отырып, аударма жасау дағдыларын меңгереді. Пән барысында студенттер нақты діни мәтіндермен жұмыс істеп, практикалық тәжірибе алады. Діни мәтіндер мәнмәтінін түсініп, олардың философиялық, этикалық, мәдени маңызын анықтау арқылы аударма барысында қажетті білім мен тәжірибе жинақтайды.

#### *Нәтиже:*

*-Білімі:* Діни мәтіндердің тілдік құрылымдарын, стильдерін, мәдени контексттерін терең түсінеді, діни мәтіндер аудармасының теориялық негіздерін, оның ішінде лексикалық, грамматикалық, стилистикалық аспектілерін меңгереді.

*-Білігі:* Діни мәтіндерді дәл және контекстуалды түрде аудару дағдыларын дамытады, аударма барысында терминологияны дұрыс қолдану, мәтіндер арасындағы мәдени айырмашылықтарды ескеру, этикалық аспектілерді назарға алу қабілетін жетілдіреді.

*-Құзіреті:* Діни мәтіндерді аудару барысында кездесетін қиындықтарды шешу үшін аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады, аударма процесінде топта жұмыс істеу, пікір алмасу және конструктивті сын қабылдау дағдыларын меңгереді.

*Пререквизиттер:* AIZT 3310 Аударма ісіндегі заманауи технологиялар  
*Постреквизиттер:* жоқ

## **VIII семестр**

### **Міндетті пәндер:**

**QAP 4304 Қорытынды аттестаттау практикасы – 4 кредит**

**AZh 4305 Академиялық жазылым – 5 кредит**

**SIF 4307 Сопылық ілімі мен философиясы - 5 кредит**

**DJQ Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру – 8 кредит**

### **Элективті пәндер:**

**1. QSD 4222 Қазақ салт-дәстүрлері - 3 кредит**

*Мақсаты:* Білім алушыларды тұтас жүйе санатындағы қазақтың дәстүрлі мәдениетімен, дәстүрлі дүниетанымы моделі ерекшелігімен таныстыру.  
*Мазмұны:* Қазақтың мәдени және тарихи мұрасын қадірлеуге саятын азаматтық көзқарас қалыптастыру;

*Нәтиже:*

қазақ халқының салт-дәстүрін ғылыми тұрғыдан шарифатпен ұштастыра отырып меңгеріп шығады.

*-Білімі:* Әдет ғұрып, салт-дәстүрлер хақындағы негізгі ұғымдарды игеру;

*-Білігі:* Алған білімін жеке тәжірибесімен сәйкестендіру және өзінің жеке тәрбиелік мәнде дамуына қолдану;

*-Құзіреттілігі:* адамзаттың тіршілік қамы жүйесі мен көшпелі мәдениет құндылығы жүйесін біртұтас құбылыс ретінде реконструкциялау тәрізді білім алудың нәтижесін практикада ұтымды пайдалануға жетелеу;

*Пререквизиттер:* KODD 3313 Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы

*Постреквизиттер:* жоқ

**2. ShO 4222 Шешендік өнер - 3 кредит**

*Мақсаты:* Білім алушыларға ұлттық шешендік өнердің табиғатын таныту; ұлттық әдебиет, мәдениет, фольклор тарихындағы, шешен-билер мұрасындағы шешендік өнердің алатын орнының маңыздылығын ұғындыру; шешеннің болмысын айқындау, шешен сөйлеудің логикалық-композициялық құрылысын, тақырыбын, түрлерін, стильдік табиғатын, біртұтас өнер, импровизациялық өнер екендігін игерту.

*Нәтиже:*

Студенттер қазақ халқының өмірінде ерекше орын алатын әдебиет жанрының бірі –

шешендік өнердің тарихи кезеңдерінен мол мағлұмат алады. Осы пән негізінде сөз байлығын молайтады, сөз мағыналарын, сөз қолданысын, сөздік құрамды тереңірек ұғына біледі.

*- Білімі:* Сөз өнерінің эстетикалық құндылығын түсіну, оны таратып айта білу мен теориялық материалдарды практикада қолдана алу қабілетін жетілдіру.

*- Білігі:* Студенттердің халқымыздың шешендік сөздерін оқып, түсініп қана қоймай, оларды жатқа айта білу дағдысы қалыптасады. Сөз өнеріндегі тұспалды ойларды тереңнен түсініп, талдай алуға және өз пікірін еркін жеткізуге машықтандыру.

*- Құзіреттілігі:* Тұспалды ойларды түсіну, шешендік сөздерді жатқа айту, шешен сөйлеу талаптарын меңгеру.

*Пререквизиттер:* KODD 3313 Қазақ ойшылдарының діни дүниетанымы

*Постреквизиттер:* жоқ

**1. DDTEP 4308 Діндегі деструктивтілік және терроризм мен экстремизм психологиясы – 5 кредит**

*Мақсаты:* Деструктивтілік, терроризм, экстремизм ұғымдарының қалыптасу тарихын талдау. Басқа діни құқықтық ережелер мен зайырлы құқықтық нормалардан айырмашылығын көрсету;

*Мазмұны:* Деструктивтілік, терроризм, экстремизм ұғымдарының пайда болуы, дамуы, қазіргі кейіптері, түрлі көріністері жайлы теориялық негіз қалыптастыру арқылы дінтанулық сараптама жасауға бейімделу. Психологиялық тұрғыда талдау жасауға дағдылану.

*Нәтиже*

*-Білімі:* Деструктивтілік, терроризм, экстремизм психологиясын сараптай алу;

*-Білігі:* Деструктивтілік, терроризм, экстремизм психологиясының ерекшеліктері бойынша машықтану;

*-Құзіреттері:* Деструктивтілік, терроризм, экстремизм психологиясын жақсы меңгере отырып жалпы дін және құқық мәселесі бойынша білімін практикада қолдана білу.

*Пререквизиттер:* Psi 1107 Психология

*Постреквизиттер:* жоқ

**2. JTP 4308 Жеке тұлға психологиясы - 5 кредит**

*Мақсаты:* Студенттерді теориялық біліммен және практикалық дағдыны қалыптастыру, зерттеу іс-әрекетіне деген дағдылар, кәсіби

қарым-қатынас дағдылары, сонымен қатар, қазіргі жеке тұлға психологиясындағы заманауи мәселелері және перспективасын тануды қалыптастыру.

*Мазмұны:* Бакалаврлардың таңдау пәндері құрамына енген бұл курста білім алушыларға «Психология» ғылым және пән ретінде ұғымдық-категориялық аппараттарын ашу, осы ғылымның пәнін, мақсатын, міндеттерін білу, ғылыми әдебиеттерді талдау және ондағы негізгі идеяны негізге ала отырып, өз бетінше оларға анализ жасай алу қабілетін оятады.

#### *Нәтиже*

*-Білімі:* Қазақстан Республикасының көп ұлтты және көп дінді кеңістігінде ең қажетті индивидуалды тұлғалық қасиеттерді: эмоциялық интеллектіні, жалпы дүниетанымдық интеллектіні дамыту және тұлғааралық коммуникативті дағдыларды қалыптастыруды, топтық және тұлғалық қарым-қатынаста туындайтын психологиялық мәселелермен таныс болуды үйретуді мақсат етеді

*-Білігі:* Қазақстан Республикасының көп ұлтты және көп дінді кеңістігінде ең қажетті индивидуалды тұлғалық қасиеттерді: эмоциялық интеллектіні, жалпы дүниетанымдық интеллектіні дамыту және тұлғааралық коммуникативті дағдыларды қалыптастыруды, топтық және тұлғалық қарым-қатынаста туындайтын психологиялық мәселелермен таныс болуды үйретуді мақсат етеді.

*-Құзыреттері:* жалпы психологиялық және діни психологиялық ғылыми процесстердің Қазақстанның ғылыми аясындағы бейнесі туралы білімді меңгеру; шет елдік және отандық психологиялық ғылыми парадокстарды салыстыра отырып анализ жасай білу.

*Пререквизиттері: Psi 1107 Психология*

*Постреквизиттері: жоқ*